Бекітемін_____
Меңгеруші_____

ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ
2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН
ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

Білім беру ұйымы: «Қеремет 2» бөбекжай бақшасы
Тобы: «Бүлдіршін» кіші тобы
Балалардың жасы: 2-3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 2022 жыл қыркүйек айы

Қ/с	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
1.	Дене шынықтыру	***денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, біліктері мен дағдыларын және негізгі қимыл түрлерін қалыптастыру:*** - негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру, секіру, тепе-теңдік сақтау; - жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық, қимылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту; - жүру, берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап жүру; - тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-25 см, ұзындығы 2-2,5 м) жіптің бойымен жүру; - балаларды педагогпен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру; - ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге баулу: - ересектің бақылауымен балаларды қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жууға, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып, сүртуге үйрету.

2.	Сөйлеудідамыту	***сөйлеу дағдыларын, сөздік қорын, әдеби шығармалар мен халық ауыз әдебиеті шығармаларына қызығушылықты қалыптастыру:*** - дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту; - жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін дұрыс қайталап айтуға үйрету; - ойыншық, көгөніс пен жеміс аттарын атап ажырата білуге баулу; - балаларды ересектердің сөзін түсінуге, қарапайым сұрақтарға Кім? Не? Не істейді?жауап беруге үйрету.
3.	Көркемәдебиет	***балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу:*** - балаларды бесік жырларын, ертегілерді тыңдауға үйрету; - балаларды педагогтың көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру; - кітаптардағы иллюстрацияларды қарауға баулу.
4.	Сенсорика	***балалардың танымдық қабілеттерін дамыту, ой-өрісін кеңейту:*** - тапсырмаларды орындау барысында қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту; - заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, - түстерді: қызыл,сары, көк, жасыл ажырата айтуға машықтандыру.
5.	Қоршағанортаментанысты ру	- сыртқы белгілері бойынша көгөністер мен жемістерді ажыратуға үйрету; - маусымға тән табиғат құбылыстары туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру; - аулаға ұшып келетін құс, торғайды бақылау.
6.	Сурет салу	***балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту*** - бейнелерді парақ бетінде орналастыруға үйрету; - түрлі-түсті дақтарды қағаз бетіне ораналастыра білуге баулу; - дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды берілген бейнеге жалғастырып сызуға машықтандыру.
7.	Мүсіндеу	- балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру; - мүсіндеудің қарапайым тәсілін игерту; - кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алуға, илеуге машықтандыру.
8.	Жапсыру	- қағаздың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру; - қағазды қолданудың қарапайым әдістерін; ұсақтауға, жыртуға үйрету және

		бейнелерге орналастыра білуге баулу.
9.	Құрастыру	- қарапайым заттарды үлгі бойынша құрастыруға үйрету; - құрылыс материалдарынан және конструкторлардың ірі бөлшектерінен текшелер, кірпіштер құрастыруға баулу.
10.	Музыка	***музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру:*** - музыка тыңдауға, ән айтуға баулу; - әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау; - педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айтуға баулу.

	Сөйлеуді дамыту	- көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту; - дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту; - пассивті және белсенді сөздік қорды байыту; - түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету. **Сөздік қорды қалыптастыру.** Балалардың сөздік қорын: киім, аяққиім заттарын білдіретін зат есімдермен; **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру. Сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) үйрету. **Байланыстырып сөйлеу.** Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?)

		ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары.** Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.

	Көркем әдебиет	- қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу; - кітаптарға қызығушылықты дамыту; - түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту. Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау.

		сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету.

	Қоршаған ортамен таныстыру	- қарым-қатынас барысында бір-бірінің атын атауға, достарының аттарын есте сақтауға баулу; - аты мен жынысына сәйкес өзін-өзі тануға баулу; - өзгелерге құрметпен қарауға тәрбиелеу; - отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру; - әртүрлі өмірлік және ойын жағдаяттарында баланың әлеуметтік қатынастар жүйесіне енуі негізінде әлеуметтік тәжірибесін, жеке қасиеттерін қалыптастыру; - табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту; - өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету; - табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлықтың қарапайым ережелерімен таныстыру (бейтаныс жануарларға жақындамау, оларды сипамау; өсімдіктерді аузына алмау және жұлмау). - құрдастарымен және ересектермен өзара әрекет етуі және бірлескен ойындарға қатысуы үшін жағдайлар жасау. **Бала, оның отбасы, үйі.** Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін тану, отбасы мүшелерінің аттарын атау. **Заттық әлем.** Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны

	Сенсорика	- қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру; - түрлі сенсорлық әсерлермен байыту; - қоршаған ортада бірлесіп әрекет етуді дамыту; - түрлі балалар әрекеттерінде көз бен қол үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту; - заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу. Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.

		итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу. **Көлік.** Көше туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. **Еңбекке баулу.** Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету. **Адамгершілік тәрбиесі.** Дөрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. **Табиғат әлемі.** Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: қар, жаңбыр, жел.

Бекітемін_____
Меңгеруші_____

«КЕ-БИЕТ»
ИИН 800309402397

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Керемет 2» бөбекжай бақшасы
Топ «Бүлдіршін» кіші тобы
Балалардың жасы 2-3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 01-02 қыркүйек 2022 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау				**Сенсорика** **«Түсті таңда»** ойыны **Мақсаты:** балалардың назарын аудару арқылы, көңіл күйлерін көтеру. Балалардың өзіне өзі қызмет көрсету дағдыларын қадағалау.	**Сөйлеуді дамыту.** **«Амандасу әдебі»** **Мақсаты:** Құрбыларымен «Қалың қалай досым? сұрақтары аясында диалог құра алуға машықтандыру, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Сөрелеріне сыртқы киімдерін дұрыс қоюға әдеттендіру.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша (жыл мезгіліне байланысты балаларды киіндіру) кеңес беру. **Қоршаған ортамен танысу. «Жеті ата»** тақырыбы аясында үйдегі танымдық жұмыстарға бағыт беру.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау				**Үстел үсті ойыны «Текшелер»** **Мақсаты:** өз ойын текшелер арқылы бейнелей алуға үйрету **Балалармен жеке жұмыс.**	**Көркем әдебиет** **«Көліктер»** **Мақсаты:** затты көркем тілмен

					Балалармен жеке жұмыс. Адияттың тәртібі жөнінде әңгіме
Таңертенгі жаттығу	**Картотека № 1** **«Сылдырмақпен»** Б.қ. Аяқ алшақ, сылдырмақ төменде; 1-2 сылдырмақты жоғары көтеріп сылдырату; 3-4 б.қ. (4 рет) Т.с. 1-2 сылдырмақты алға созу; 3-4 артқа тығу; Б.қ. –т.с. 1-4 отырып сылдырмақты тізеге соғу; 5-6 б.қ. келу; (3рет) Сылдырмақпен жүгіру (10сек)				
Таңғы ас				Кезекшілердің еңбек әрекеті (ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою) **Көркем сөз. «Тату үйдің тамағы тәтті»** **Мақсаты:**балаларға тамақтану әдебі жайында түсіндіру жұмыстарын жүргізу	Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу, **Көркем сөз «Бата»** Дастарқаныңа береке берсін! Бастарыңа мереке берсін! Астарыңа адалдық берсін! Бастарыңа амандық берсін! Әумин
	Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру,тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)				

Ұйымдастырылғаніс-әрекеткедайындық				Балалар педагогке ортаны йымдастыруға көмектеседі (бірлескен әрекет, кезекшілік). **Мүсіндеу. «Доп»** **Мақсаты:**Эстетикалық тәрбие беріп, тазалыққа, ұқыптылыққа баулу.	**Үстел үсті ойыны:** «Бау байлап үйренеміз» **Мақсаты:** Балалардың қол моторикасын дамыту **Сурет салу «Күн »** **Мақсаты**Күн туралы түсінік беру,қаламды дұрыс ұстауға үйрету.
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет				Музыка	Денешынықтыру
2-ші таңғы ас				2-ші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау, бір біріне ойыншық жинауға көмектесу. **Сөйлеуді дамыту:** Ән тындаймыз	2-ші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау, үстелде дұрыс отыруын қадағалау. **Танымдық ойын: «Досыңды шақыр»** **Мақсаты:** үстелге досының атын айтып шақыру, орын ұсыну.
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту).				
Серуен				№ 1 **«Жануардың дауысын сал»** **Мақсаты:** дыбыстық жаттығулар арқылы, әріптерді дұрыс айтуға машықтандыру.	№ 2 **Дидактикалық ойын «Үлкен кіші таңбасын анықта»** Мақсаты: Балалардың үлкен

					кіші ұғымдарын молайту.
Серуеннен оралу				**Көркем сөз:** Зеңгір көктен Нұрын төккен Ортақ біздің күніміз Жайнап өскен, жайдары өскен Біз өмірдің гүліміз	**«Біз тышқанбыз»** **Мақсаты:** Мысықты оятып алмау үшін, тышқанның жүрісіне салу. Сапта дұрыс жүруге дағдыландыру.
Түскі ас				Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту)	**Көркем сөз «Бата»** Дастарқаныңа береке берсін! Бастарыңа мереке берсін! Астарыңа адалдық берсін! Бастарыңа амандық берсін! Әумин
Күндізг іұйқы				Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Екі дос» Әңгіме	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Балабақшада» Ернұр Сейдахмет
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі).				
Бесін ас	Гигеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар). Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу (сөйлеуді дамыту).				
Балалардыңдербесіс-әрекеті				**Сурет салу «Сызықтар»** **Мақсаты:** дұрыс жазуға машықтандыру	Дидактикалық ойын «Жеміс» Мақсаты: жемістердің атауын атауға үйрету.
Балаларменжекежұмыс				**Балалармен жеке жұмыс.**	**Балалармен жеке**

				Али мен Аянға музыканы тындай білуге,барлық баламен бірге орындауды түсіндіру	**жұмыс**. Айым мен Ералыға жануарлар атауларын дұрыс айтуды үйрету
Серуенгедайындық	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаиы дамыту) тақырыбына жеке әңгімелер өткізу				
Серуен				**«Күн мен түн» қимылды ойыны. Мақсаты:** шапшаңдыққа, жылдамдыққа үйрету.	**«Қай ертегіде» танымдық ойыны. Мақсаты:** ойлау қабілеттерін арттыра отырып, ертегілерді еске түсіруге машықтандыру
Серуеннен оралу	Балалардың киімін ретімен шешу, дербес және ойын әрекеті. **«Айсұлу мен Қанат» әңгімелер желісі. Мақсаты:** балабақшадағы іс–әрекетті қорытып, саралауға үйрету.				
Балалардың дербес іс-әрекеті				**«Қандай дыбыс шығарады?»Мақсаты:**суреттер арқылы, зияткерлік қабілеттерін арттыру.	**«Пішіндер мен алақан» Мақсаты:** нейрожаттығу арқылы балалардың ми қыртысының жұмысын жақсартуға ықпал ету
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Керемет2» бөбекжай бақшасы
Топ «Бұлдіршін» тобы
Балалардың жасы 2-3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 05-09 қыркүйек 2022 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	**Сенсорика «Түсті таңда»** ойыны **Мақсаты:** балалардың назарын аудару арқылы, көңіл күйлерін көтеру. Балалардың өзіне өзі қызмет көрсету дағдыларын қадағалау.	**Сөйлеуді дамыту «Балабақша» Мақсаты:** балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Әр баланың белсенділігіне назар аудару	**Сөйлеуді дамыту. «Амандасу әдебі» Мақсаты:** Құрбыларымен «Қалың қалай досым? сұрақтары аясында диалог құра алуға машықтандыру, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Сөрелеріне сыртқы киімдерін дұрыс қоюға әдеттендіру.	**Көркем әдебиет «Көліктер» Мақсаты:** затты көркем тілмен суреттей алуға үйрету. Балалардың өзіне өзі қызмет көрсету дағдыларын қадағалау.	**Қоршаған ортамен танысу. «Күн бізде қонақта» Мақсаты:** балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Ауа-райы жайлы әңгімелесу Дұрыс шешіну дағдыларын қадағалау
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша (жыл мезгіліне байланысты балаларды киіндіру) кеңес беру. **Қоршаған ортамен танысу. «Жеті ата»** тақырыбы аясында үйдегі танымдық жұмыстарға бағыт беру.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар	**Үстел үсті ойыны «Текшелер» Мақсаты:** өз ойын текшелер арқылы бейнелей алуға үйрету	**Сурет салу «Доп» Мақсаты:** әр бала суретті толықтыру арқылы өзінің ықыласын білдіруге	**Танграмм «Менің сүйікті ойыншығым» Мақсаты:** баланың танымдық, зияткерлік	**«Ұшты - ұшты» Мақсаты:**Балаларды жылдамдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.. Еркін ойындар.	**Сөйлеуді дамыту «Кім көп сөз біледі?» Мақсаты:** балаларды шапшаңдыққа,

қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)		үйрету. Топтық жұмысқа баулу.	қабілетін арттыру.	**Балалармен жеке жұмыс.** Сабинаға түстерді үйрету	дұрыс сөйлеуге үйрету. Балалардың еркін әрекеттері
Таңертенгі жаттығу	**Картотека № 2** **«Көңілді құстар»** Б.қ. тік тұру, аяқ алшақ; 1-4 қолды екі жанға созып, жоғары – төмен көтеріп түсіру; 5-6 б.қ; Б.қ. «Мысық жоқпа?» 1-4 басты оңға, солға бұру; 5-6 б.қ; Б.қ. 1-4 отырып саусақпен тізе үстінен тықылдату; (3рет) 5-6 б.қ. Шашырап жүгіру;				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау **Көркем сөз. «Қоян»** Қоян секең қағады Сәбізді іздеп табады Үйшігіне барады Ауқаттанып алады	Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету. **Ұлттық құндылық «Таңғы асты тастама»** **Мәтел.** **Мақсаты:** балаларға таңғы астың маңыздылығы жайлы айту, тамақты тауысып жеуге үйрету.	Жуынатын бөлмедегі тәртіп пен тазалық **Танымдық әрекет. «Кім не жейді?» ойыны.** **Мақсаты:** балалардың жануарлар туралы білімдерін толықтыру.	Кезекшілердің еңбек әрекеті (ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою) **Көркем сөз. «Тату үйдің тамағы тәтті»** **Мақсаты:**балаларға тамақтану әдебі жайында түсіндіру жұмыстарын жүргізу	Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу, **Көркем сөз «Бата»** Дастарқаныңа береке берсін! Бастарыңа мереке берсін! Астарыңа адалдық берсін!

					Бастарыңа амандық берсін! Әумин
	Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру,тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтаның болғаннан кейін алғыс айту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**«Түстерді анықта?»** **Мақсаты:**Балаларды түстерді анықтай білулеріне жаттықтыру	Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелерге келісу және т.б. **Дидактикалық ойын:** «Лабиринт» Мақсаты: балалардың ойлауын, зейінін, көру аймағын кеңейту.	Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, **Қимылды ойын «Ұшады-ұшпайды»** Мақсаты: Құстар мен заттардың айырмашылығын табу	Балалар педагогке ортаны йымдастыруға көмектеседі (бірлескен әрекет, кезекшілік). **Мүсіндеу. «Доп»** **Мақсаты:**Эстетикалық тәрбие беріп, тазалыққа, ұқыптылыққа баулу.	**Үстел үсті ойыны:** «Бау байлап үйренеміз» **Мақсаты:** Балалардың қол моторикасын дамыту **Сурет салу «Күн »** **Мақсаты**Күн туралы түсінік беру,қаламды дұрыс ұстауға үйрету.
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру		Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру
2-ші таңғы ас	2-ші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау Тамақтану кезінде алаңдамауға шақыру. **Сенсорика «Біреу және көп»** **Мақсаты:** алманы мысалға ала отырып, «біреу және көп»	2-ші таңғы ас алдында өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын қалыптастыру **Танымдық ойын «Дәрумен деген не?»** **Мақсаты:**2-ші таңғы асқа тәбетін ашу.	2-ші таңғы ас алдында ойыншықтарды реттеу, кезекшілікті орындау **Құрастыру. «Кірпішін қала»** **Мақсаты:** Үстелге кезекпен шақыру арқылы, үйдің	2-ші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау, бір біріне ойыншық жинауға көмектесу. **Сөйлеуді дамыту:** ***Ән тындаймыз***	2-ші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау, үстелде дұрыс отыруын қадағалау. **Танымдық ойын: «Досыңды шақыр»**

	ұғымын түсіндіріп өту.		бейнесін құрастыру.		**Мақсаты:** үстелге досының атын айтып шақыру, орын ұсыну.
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту).				
Серуен	№ 3 **«Жапырақты бақылау»** **Мақсаты:** күздің ерекшелігімен танысу. Еркін ойындар	№ 4 **«Желді бақылау»** **Мақсаты:** желдің түрлерімен таныстыру, қауіпсіздікке баулу	№ 5 **«Торғайлар мен мысық»** **Мақсаты:** қимылды ойын арқылы кеңістікті бағдарлай алуға үйрету	№ 6 **«Жануардың дауысын сал»** **Мақсаты:** дыбыстық жаттығулар арқылы, әріптерді дұрыс айтуға машықтандыру.	№ 7 **Дидактикалық ойын** **«Үлкен кіші таңбасын анықта»** Мақсаты: Балалардың үлкен кіші ұғымдарын молайту.
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен шешінуі	Бір біріне шешінуге көмектесу	Киімдерін жинау. Сөрелерін ретке келтіру	**Көркем сөз:** Зеңгір көктен Нұрын төккен Ортақ біздің күніміз Жайнап өскен, жайдары өскен Біз өмірдің гүліміз	**«Біз тышқанбыз»** **Мақсаты:** Мысықты оятып алмау үшін, тышқанның жүрісіне салу. Сапта дұрыс жүруге дағдыландыру.
Түскі ас	Гигеналық шараларды орындау (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)	Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу.	**Көркем сөз «Бата»** Дастарқаныңа береке берсін! Бастарыңа мереке берсін! Астарыңа адалдық берсін! Бастарыңа амандық берсін! Әумин	Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту)

Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Балапаным» Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Әлди, әлди» Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Ұйқының пайдасы» Әңгіме	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Екі дос» Әңгіме	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Ана мен бала» музыка
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі).				
Бесін ас	Гигеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар). Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу (сөйлеуді дамыту).				
Балалардың дербес іс-әрекеті	**Түстерді анықта?» Мақсаты:**Балаларды түстерді анықтай білулеріне жаттықтыру	**Құрастыру. «Танграмм» Мақсаты:** балалардың берілген суреттерге сәйкес пішіндер арқылы құрастыру дағдыларын қалыптастыру	**Дидактикалық ойын «Жеміс»** Мақсаты: жемістердің атауын атауға үйрету.	**Сурет салу «Сызықтар» Мақсаты:** дұрыс жазуға машықтандыру	**Үстел үсті ойыны:** «Бау байлап үйренеміз» **Мақсаты:** Балалардың қол моторикасын дамыту.
Балалармен жеке жұмыс	Адият және Найля ойыншықтарды дұрыс ажырата білуге үйрету.	Лайсан мен Димошқа дұрыс тамақтану мәдениетіне үйрету	Аяна мен Анельге қаламды дұрыс ұстауға үйрету.	Али мен Аянға музыканы тындай білуге,барлық баламен бірге орындауды түсіндіру	Айым мен Ералыға жануарлар атауларын дұрыс айтуды үйрету
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту) тақырыбына жеке әңгімелер өткізу				
Серуен	**«Кім бірінші» қимылды ойыны Мақсаты:** ойын ережесіне сай жарысу арқылы, жеңімпаз болуға асығу қабілеттерін арттыру	**«Ұшты - ұшты» Мақсаты:**Балаларды жылдамдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.	**«Сақина» Мақсаты:** алақан арасына сақинаны жасыру арқылы шыдамдылыққа үйрету, тапқырлыққа баулу	**«Қай ертегіде» танымдық ойыны. Мақсаты:** ойлау қабілеттерін арттыра отырып, ертегілерді еске түсіруге машықтандыру .	**«Күн мен түн» қимылды ойыны. Мақсаты:** шапшаңдыққа, жылдамдыққа үйрету.
Серуеннен оралу	Балалардың киімін ретімен шешу, дербес және ойын әрекеті. **«Айсұлу мен Қанат» әңгімелер желісі. Мақсаты:** балабақшадағы іс–әрекетті қорытып, саралауға үйрету.				
Балалардың дербес	**Сурет салу «Доп»**	**«Пішіндер мен**	**Сенсорика**	**«Қандай дыбыс**	**Мүсіндеу «Алма**

іс-әрекеті	**Мақсаты:** сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Қарындашты дұрыс ұстауға үйрету	**алақан» Мақсаты:** нейрожаттығу арқылы балалардың ми қыртысының жұмысын жақсартуға ықпал ету .	**«Түстер» Мақсаты:** түстер туралы білімдері мен сызу жұмысын жақсарту.	**шығарады?»Мақсаты:**суреттер арқылы, зияткерлік қабілеттерін арттыру.	**жемісі» Мақсаты:** қол ептілігін қалыптастыру, саты туралы түсінік беру.
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Керемет2» бөбекжай бақшасы
Топ «Бүлдіршін» тобы
Балалардың жасы 2-3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 12-16 қыркүйек 2022 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	**Қоршаған ортамен танысу.** **«Күн бізде қонақта»** **Мақсаты:** балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Ауа-райы жайлы әңгімелесу Тәрбиешімен амандасуды үйрету. Дұрыс шешіну дағдыларын қадағалау.	**Сөйлеуді дамыту** **«Балабақша»** **Мақсаты:** балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Әр баланың белсенділігіне назар аудару.	**Көркем әдебиет** **«Көліктер»** **Мақсаты:** затты көркем тілмен суреттей алуға үйрету. Балалардың өзіне өзі қызмет көрсету дағдыларын қадағалау.	**Сенсорика** **«Түсті таңда»** ойыны **Мақсаты:** балалардың назарын аудару арқылы, көңіл күйлерін көтеру. Балалардың өзіне өзі қызмет көрсету дағдыларын қадағалау.	**Сурет салу** **«Менің көңіл күйім»** **Мақсаты:** әр бала суретті толықтыру арқылы өзінің ықыласын білдіруге үйрету. Топтық жұмысқа баулу.. Баланың қалаған ойындар желісі Сөрелеріне сыртқы киімдерін дұрыс қоюға әдеттендіру.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша (жыл мезгіліне байланысты балаларды киіндіру) кеңес беру. Жаңа оқу жылында ата-аналарды балабақша ішілік жұмыстарға белсенді болуға,тығыз қарым-қатынасқа шақыру.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	**«Ұшты - ұшты»** **Мақсаты:**Балаларды жылдамдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.. Еркін ойындар.	**Сөйлеуді дамыту** **«Амандасу әдебі»** **Мақсаты:** Құрбыларымен «Қалың қалай досым? сұрақтары аясында диалог құра алуға машықтандыру, байланыстырып сөйлеуге үйрету.	**Қоршаған ортамен танысу** **«Біздің топ»** **Мақсаты:** Балаларды балабақшаның топ бөлмелерімен таныстыру.	**Үстел үсті ойыны** **«Текшелер»** **Мақсаты:** өз ойын текшелер арқылы бейнелей алуға үйрету	**Сөйлеуді дамыту** **«Кім көп сөз біледі?»** **Мақсаты:** балаларды шапшаңдыққа, дұрыс сөйлеуге үйрету Балалардың еркін

					әрекеттері
Таңертенгі жаттығу	**Картотека № 3** **«Қуыршақпен ойнаймыз»** Б.қ. тік тұру, аяқ алшақ, қуыршақ төменде; 1-2 қуыршақты алға ұстау, жоғары көтеру;(3рет) 3-4 б.қ; Аяқ алшақ, қуыршақ алда; 1-2 денені оңға ,солға бұру, б.қ. келу; Б.қ. қуыршақты кеудеде ұстау; 1-4 алға енкею- «Қуыршақтар билейді»; 5-6 б.қ. келу; (3рет) Б.қ. 1-2- отырып қуыршақты еденге қою; 3-4 тік тұру; Қуыршақпен оңға, солға айналу (2реттен)				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау. **Ас ішер алдында** Ас ішерде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені Елемейміз, білмейміз.	Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету. **Ұлттық құндылық «Таңғы асты тастама»** **Мақсаты:** балаларға таңғы астың маңыздылығы жайлы айту, тамақты тауысып жеуге үйрету.	Жуынатын бөлмедегі тәртіп пен тазалық **Танымдық әрекет. «Кім не жейді?» ойыны.** **Мақсаты:** балалардың жануарлар туралы білімдерін толықтыру.	Кезекшілердің еңбек әрекеті (ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою) **Көркем сөз. «Тату үйдің тамағы тәтті»** **Мақсаты:**балаларға тамақтану әдебі жайында түсіндіру жұмыстарын жүргізу.	Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу. **Қоршаған ортамен танысу** **Қимылды жаттығу:** Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың.
	Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру,тамақ				

	ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**Көркем әдебиет. «Балабақшада». Мақсаты:** Балаларға балабақша туралы түсініктерін қалыптастыру	**Құрастыру** **«Құстарға арналған жемсалғыш»** Ұсақ құрылыс бөліктерін көлеміне қарай біріктіріп, біртұтас затты құрастыруды және құстарға қамқор болуды үйрету Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелерге келісу және т.б.	**Дидактикалық ойын: «Атын атап бер»** Мақсаты: түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.	Балалар педагогке ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен әрекет, кезекшілік). **Мүсіндеу. «Доп» Мақсаты:** Эстетикалық тәрбие беріп, тазалыққа, ұқыптылыққа баулу.	**Үстел үсті ойыны:** «Бау байлап үйренеміз» **Мақсаты:** Балалардың қол моторикасын дамыту **Мүсіндеу, Жапсыру «Күн » Мақсаты:** Күн туралы түсінік беру, қайшыны дұрыс ұстауға үйрету.
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру		Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру
2-ші таңғы ас	2-ші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау Тамақтану кезінде алаңдамауға шақыру. **Құрастыру. «Кірпішін қала» Мақсаты:** Үстелге кезекпен шақыру арқылы, үйдің бейнесін құрастыру.	2-ші таңғы ас алдында өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын қалыптастыру **Танымдық ойын «Дәрумен деген не?» Мақсаты:** 2-ші таңғы асқа тәбетін ашу.	2-ші таңғы ас алдында ойыншықтарды реттеу, кезекшілікті орындау **Сенсорика «Біреу және көп» Мақсаты:** алманы мысалға ала отырып, «біреу және көп» ұғымын түсіндіріп өту.	2-ші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау, бір біріне ойыншық жинауға көмектесу. **Сөйлеуді дамыту Тақпақ: «Ас ішерде»** Ас ішерде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені Елемейміз, білмейміз.	2-ші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау, үстелде дұрыс отыруын қадағалау. **Танымдық ойын: «Досыңды шақыр» Мақсаты:** үстелге досының атын айтып шақыру, орын ұсыну.
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс				

	киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту).				
Серуен	№ 8 **Дидактикалық ойын «Үлкен кіші таңбасын анықта»** Мақсаты: Балалардың үлкен кіші ұғымдарын молайту.	№ 9 **«Желді бақылау»** **Мақсаты:** желдің түрлерімен таныстыру, қауіпсіздікке баулу	№ 10 **«Торғайлар мен мысық»** **Мақсаты:** қимылды ойын арқылы кеңістікті бағдарлай алуға үйрету	№ 11 **«Бізге кім келгенін тауып ал»** **Мақсаты:** Айтылу мен есту жағынанан бірдей сөздерді айыра білуге, дауыс ырғағын қадағалай білуге дағдыландыру. Кейбір заттардың аттарын бекіту.	№ 12 **«Жапырақты бақылау»** **Мақсаты:** күздің ерекшелігімен танысу. Еркін ойындар
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен шешінуі. Серуеннен келгеннен кейін қолдарын жууға үйрету, дағдыландыру.	Бір -біріне шешінуге көмектесу **Сенсорика, құрастыру** Үстел -үсті ойыны пазл: **«Үйшік құрастыр»** Мақсаты: логикалық ойлау қабілетін дамыту.	Киімдерін жинау. Сөрелерін ретке келтіру.	**«Айсұлу қуыршағын шешінуге үйретейік»** **Мақсаты:** Киімдерді шешу ретін есте сақтап қалу, оларды ұқыпты жинап және бүктеуге үйрету, Киімдердің аттарын сөйлемдерде қолдануға үйрету.	**«Өз орнын тап» ойыны** Мақсаты: түстерді тануға үйрету.
Түскі ас	Гигеналық шараларды орындау (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)	**Ас қайыру тақпағы:** Дастарқаныңа береке берсін! Бастарыңа мереке берсін! Астарыңа адалдық берсін! Бастарыңа амандық берсін! Әумин	Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу.	Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) **Алғыс айту:** «Тамақ берген апайға көп-көп рақмет!»	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау

	«Шалқан» ертегі	«Әлди, әлди» Музыка	«Балапаным» Музыка	«Бауырсақ» ертегі	«Балабақшада» Ернұр Сейдахмет
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі).				
Бесін ас	Гигеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар). Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу (сөйлеуді дамыту).				
Балалардың дербес іс-әрекеті	**Сөйлеуді дамыту** «Екі дос» (өлең) Қадыр Мырза Әли **Мақсаты:** Құрдастарымен қарым-қатынас жасау ережелерін сақтауға үйрету, ойында және қарым-қатынаста сыпайылық көрсете алуға көмектесу, өзара сыйластыққа тәрбиелеу. **Түстерді анықта?» Мақсаты:**Балаларды түстерді анықтай білулеріне жаттықтыру	**Көркем әдебиет** **«Менің ойыншықтарым» М.Әлімбаев** Өлең жолдарын түсіне отырып, жаттау қабілеттерін жетілдіру.Ойыншықтарды атай отырып сипаттауға, сурет бойынша 2-3 сөзден тұратын қысқа әңгіме құрастыра білуге үйрету.	**Үстел үсті ойыны:** «Бау байлап үйренеміз» **Мақсаты:** Балалардың қол моторикасын дамыту	**Сурет салу** «Балабақшадағы әдемі бояулар» **Мақсаты:** Қағазбен, майлы қарындашпен таныстыру. Көлденең, тігінен сызықтар сызуды үйрету.	**Саусақ ойыны:** Саусағымда сақина Санап көрші кәнеки 1,2,3 Бір, екі үш Демалайық жинап күш.
Балалармен жеке жұмыс	**Жыл мезгілі туралы әңгімелесу** «Күз» (Сурет құрастыру) Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	**Әңгіме құрастыру** «Досың туралы әңгімелеп бер» Мақсаты: Балалардың сөздік қорын достары туралы сөздерін байыту. Арнур, Аяла	**Дидактикалық ойын:** **«Ғажайып қапшық»** Мақсаты: баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін	**Жыл мезгілі туралы әңгімелесу.** Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. Жазира, Әділ	**Дидактикалық ойын: «Атын атап бер»** Мақсаты: түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.

	Нұржігіт, Аслан, Аяулым		сөздермен байыту. Айбек, Айлин		Нұршат, Жансая
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) тақырыбына жеке әңгімелер өткізу				
Серуен	**«Кім бірінші» қимылды ойыны** **Мақсаты:** ойын ережесіне сай жарысу арқылы, жеңімпаз болуға асығу қабілеттерін арттыру	**Көркем сөз:** **«Күзгі жапырақ» тақпақ** Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей **Мақсаты:** Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту. **Ойын:** «Аю жүрген орманда». **Мақсаты:** Қимыл қозғалысын дамыту	**«Сақина»** **Мақсаты:** алақан арасына сақинаны жасыру арқылы шыдамдылыққа үйрету, тапқырлыққа баулу	**Қоршаған ортамен танысу** **Еңбек:** Біздің алаң. **Мақсаты:** Ауладағы жапырақтарды жинау.Балалардың еңбекке ынтасын арттырып , өздігінен еңбек ете білуге үйрету.	**Көркем әдебиет** Е.Өтетілеуұлы . «Бағдаршам» **Мақсаты:** Бағдаршаммен таныстыру. Жолда жүру ережелерін түсіндіру. «Бағдаршам» Сақта көше тәртібін Бағдаршамның ал «тілін» Біліп алдым мен де: Жасыл жанса, демде Алға кетем лезде. Сары жанса , сабыр Сақтай тұрам әзір. Жанса қызыл шоқтай, Қаламын кілт тоқтай.
Серуеннен оралу	Балалардың киімін ретімен шешу, дербес және ойын әрекеті. **«Айсұлу мен Қанат» әңгімелер желісі. Мақсаты:** балабақшадағы іс–әрекетті қорытып, саралауға үйрету.				
Балалардың дербес іс-әрекеті	**Сурет салу.** **«Түрлі түсті шарлар»** Балаларға дөңгелек, сопақша пішіндерді салуға жаттықтыру, оларды әдемі етіп әр түспен бояу арқылы ой - қиялын дамыту.	**Мүсіндеу** **«Алма жемісі»** **Мақсаты:** қол ептілігін қалыптастыру, саты туралы түсінік беру.	**Сенсорика** **«Түстер»** **Мақсаты:** түстер туралы білімдері мен сызу жұмысын жақсарту.	**«Мені қайтала»** дидактикалық ойын **Мақсаты:** ересектердің сөзін қайталай отырып, сөздік қорын молайту, тілін жаттықтыру.	**Моншақты тіземіз»** дидактикалық ойын. **Мақсаты:** Алақанына сиятын көлемдегі сақиналарды көлденеңінен жіпке тізу арқылы қол қимылын, саусақ

					бұлшық етін дамыту.
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы «Керемет2» бөбекжай бақшасы
Топ «Бүлдіршін» тобы
Балалардың жасы 2-3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 19-23 қыркүйек 2022 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Ата-аналармен жеке әңгімелесу, Жеке балалармен жұмыс, дене қызуы мен тазалығына көңіл бөлу, жағымды жағдай орнатуға арналған ойындар. Әнұран айту. **Көркем әдебиет «Қуыр-қуыр, қуырмаш»** саусақ ойыны: **Мақсаты:** саусақ қимылын жетілдіру, үлкендерден кейін қайталап айтуға үйрету.	**Қоршаған ортамен танысу «Бұл не?»** дидактикалық ойын **Мақсаты:** суреттен ойыншық аңдарды тануға, атауға, дыбысын, жүрісін салуға үйрету.	**Құрастыру** үстел-үсті ойыны **Мақсаты:** конструкторларды бір-біріне үстінен және жанынан біріктіре білуге үйрету. Балалардың өзіне өзі қызмет көрсету дағдыларын қадағалау.	**«Түстесін тап»** дидактикалық ойын **Мақсаты:** екі түрлі түстегі дөңгелектерді ажыратып, топтастыруға үйрету.	**Жапсыру «Әйгерімге арналған түрлі - түсті моншақтар» Мақсаты:** Ұсақ бөлшектерді түсі бойынша кезектестіріп, орналастыруға және жапсыруға, үйрету, қағаздың ерекшеліктерін нақтылау, жырту, бүктеуге үйрету.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі, жетістіктері туралы әңгімелесу, баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша (жыл мезгіліне байланысты балаларды киіндіру) кеңес беру.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел	**«Сақинаны кигізу»** үстел-үсті ойыны **Мақсаты:** сақиналарды	**Сөйлеуді дамыту «Қуыршақ Әйгерім мен Динара балаларда**	**Сурет салу «Сылдырмақ»** Балалардың	**Сенсорика, құрастыру «Құлыншақтың жолы» Мақсаты:** Балаларға құлыншақтың жолын жасау	**Көркем әдебиет «Көліктер» Мақсаты:** затты көркем тілмен суреттей алуға

үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	тұғырға кигізу арқылы саусақ қимылын, көзбен бағдарлай алуын дамыту.	**қонақта»** Ойыншықтар туралы түсініктерін кеңейту, ойыншықтардың аттарын атай білуге, оларды сипаттап айтуға үйрету, (ы-і) дыбысын қайталату, дұрыс айтылуын жаттықтыру.	ойыншықтар жайлы түсініктерін кеңейту. Сылдырмақ жайында әңгімелету, тақпақтар айтқызу арқылы сөздік қорын байыту.	үшін, берілген 4 түстен: қызыл, көк түсті тауып алуға үйрету. **Үстел үсті ойыны «Текшелер»** **Мақсаты:** өз ойын текшелер арқылы бейнелей алуға үйрету	үйрету. Балалардың еркін әрекеттері
Таңертенгі жаттығу	**Картотека № 4** **«Аңдармен жаттығамыз»** Б.қ. Аяқ алшақ, ойыншық төменде; 1-2 ойыншықты жоғары көтеріп, аяқ ұшына тұру; 3-4 б.қ. келу; Б.қ. ойыншықты алға созып ұстау; 1-2 оңға, солға бұрылу, б.қ. келу; Б.қ. ойыншық кеуде алдында; 1-2 алға енкейіп ,ойыншықты еденге қою; 3-4 б.қ. келу; Б.қ.-т.с. 1-2 ойыншықпен отыру; 3-4 б.қ. келу; (4рет) Ойыншықпен оңға ,солға айналу; Қуыршақпен оңға, солға айналу (2реттен)				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау. **Көркем сөз** Қолымызды	Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және	Жуынатын бөлмедегі тәртіп пен тазалық. **Танымдық әрекет.**	Кезекшілердің еңбек әрекеті (ас ішу құралдарын, майлықтарды үстелге қою) **Танымдық әрекет.** **«Кім не жейді?» ойыны.**	Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету. **Нан туралы тақпақ** Нан қиқымын шашпаңдар,

	жуамыз, Асханаға барамыз Асханаға барған соң Тамақ ішіп аламыз.	орамалды орнына ілу, **Көркем сөз «Бата»** Дастарқаныңа береке берсін! Бастарыңа мереке берсін! Астарыңа адалдық берсін! Бастарыңа амандық берсін! Әумин	**«Тазалық» туралы әңгіме жүргізу.** **Мақсаты:** Тазалық туралы білімдерін толықтыру.	**Мақсаты:** Балалардың жануарлар туралы білімдерін толықтыру. жұмыстарын жүргізу	Жерде жатса баспаңдар Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар! **Мақсаты:** Балаларға таңғы астың , нанның маңыздылығы жайлы айту, тамақты тауысып жеуге үйрету.
	Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру,тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**Жапсыру** **«Доп»** **Мақсаты:** Эстетикалық тәрбие беріп, тазалыққа, ұқыптылыққа баулу. Қайшымен жұмыс.	Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелерге келісу және т.б. **Дидактикалық ойын:** «Лабиринт» Мақсаты: балалардың ойлауын, зейінін, көру аймағын кеңейту.	Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, **Қимылды ойын «Ұшады-ұшпайды»** Мақсаты: Құстар мен заттардың айырмашылығын табу	**«Түстерді анықта?»** **Мақсаты:** Балаларды түстерді анықтай білулеріне жаттықтыру.	**Үстел үсті ойыны:** «Бау байлап үйренеміз» **Мақсаты:** Балалардың қол моторикасын дамыту **Сурет салу «Күн »** **Мақсаты**Күн туралы түсінік беру,қаламды дұрыс ұстауға үйрету.
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру		Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру
2-ші таңғы ас	2-ші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау	2-ші таңғы ас алдында өзіне-өзі қызмет ету	2-ші таңғы ас алдында ойыншықтарды	2-ші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау, бір біріне ойыншық	2-ші таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау, үстелде дұрыс

	Тамақтану кезінде алаңдамауға шақыру. **Сенсорика «Біреу және көп»** **Мақсаты:** алманы мысалға ала отырып, «біреу және көп» ұғымын түсіндіріп өту.	дағдыларын қалыптастыру **Танымдық ойын «Дәрумен деген не?»** **Мақсаты:**2-ші таңғы асқа тәбетін ашу.	реттеу, кезекшілікті орындау **Құрастыру. «Кірпішін қала»** **Мақсаты:** Үстелге кезекпен шақыру арқылы, үйдің бейнесін құрастыру.	жинауға көмектесу. **Сюжетті-рөлдік ойын «Қуыршақты тамақтандыр»** Мақсаты: Ірі құрылыс материалдарымен және конструктормен ойындар.	отыруын қадағалау. **Танымдық ойын: «Досыңды шақыр»** **Мақсаты:** үстелге досының атын айтып шақыру, орын ұсыну.
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	№ 13 **Жаңбырды бақылау.** **Мақсаты:** Жаңбырды бақылай отырып , оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру. **Еңбек:** Ағаш түптерін қопсыту. **Мақсаты:** Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау. **Көркем сөз:** Ал керемет бұл қандай?	№ 14 **Бұлтты бақылау.** **Мақсаты:** Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін шарпы, будақ,қабатты бұлттарды ажырату. **Мақсаты:** Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу. **Көркем сөз:** Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт) **Мақсаты:** Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту,	№ 15 **«Торғайлар мен мысық»** **Мақсаты:** қимылды ойын арқылы кеңістікті бағдарлай алуға үйрету	№ 16 **«Жануардың дауысын сал»** **Мақсаты:** дыбыстық жаттығулар арқылы, әріптерді дұрыс айтуға машықтандыру.	№ 17 Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау. **Мақсаты:** Күзде өлі табиғатта болатын құбылыс өсімдіктерге деәсер ететіндігін түсіндіру. **Еңбек**: Біздің ойын алаңы **Мақсаты:** Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау.Еңбекқорлыққа баулу. **Көркем сөз**: Жел тынымсыз гуілдеп, Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал терек, Жапырағын жұлғызып. **Мақсаты:** Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту,

	Төгіледі төбеден. Көк теңізден құйғандай Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр) **Мақсаты:** Жұмбақ жаттатаотырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арртыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру.	дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау.Ойлау қабілетін арттыру.			тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету.
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен шешінуі	Бір біріне шешінуге көмектесу	Киімдерін жинау. Сөрелерін ретке келтіру	**Көркем сөз:** Зеңгір көктен Нұрын төккен Ортақ біздің күніміз Жайнап өскен, жайдары өскен Біз өмірдің гүліміз	**«Біз тышқанбыз»** **Мақсаты:** Мысықты оятып алмау үшін, тышқанның жүрісіне салу. Сапта дұрыс жүруге дағдыландыру.
Түскі ас	Гигеналық шараларды орындау (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) **Ас алдында айтылатын тақпақ:** Ас дегенде отырып, Тәрбиешіні тыңдаймыз. Тамақ ішіп болған соң,	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)	Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу.	**Ас қайыру.** Асың, асың, асыңа, Береке берсін басыңа!	Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту)

	Орнымызды жинаймыз.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Үлкендерді сыйлау» Әңгіме	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Ана мен бала» Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Қуыр-қуыр-қуырмаш» Музыка	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Үй жануарлары» Әңгіме	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Бала, бала, балақан» Музыка
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі).				
Бесін ас	Гигеналық шараларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар). Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу (сөйлеуді дамыту).				
Балалардың дербес іс-әрекеті	**Жапсыру «Түстерді анықта?» Мақсаты:** Балаларды түстерді анықтай білулеріне жаттықтыру.	**Құрастыру. «Балабақша айналасындағы қақпалар»** Тік төртбұрыш периметрі бойынша кірпіштерді белгілі бір арақашықтықта орналастыру арқылы құрылыс салуға үйрету.Тиянақты жұмыс жасауға тәрбиелеу.	**Үстел үсті ойыны:** «Бау байлап үйренеміз» **Мақсаты:** Балалардың қол моторикасын дамыту	**Сурет салу «Сызықтар» Мақсаты:** дұрыс жазуға машықтандыру	**Ойын «Кімнің заттары?»** (Достарының заттарын анықтау) Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б.
Балалармен жеке жұмыс	**«Қақпақты ашып жап»** дидактикалық ойын **Мақсаты:** бір-бірімен байланысты тура және кері	**«Таныш атын ата»** суретті кітапшалармен жұмыс **Мақсаты:** тануға және көрсетуге	**«Үй жасаймыз»** Қиынды суреттермен жұмыс **Мақсаты:**	**«Қызықты ойыншықтар»** ойыншықтармен ойын **Мақсаты**: достыққа баулу. Аянат, Нұртуған	**«Сәйкес ұяшыққа орналастыр»** дидактикалық ойын **Мақсаты:** ойлау қабілетін арттыру. Айлин, Айнур.

	әрекеттерді орында ту. Жансая, Нұрбек	дағдыландыру. Аружан, Темірлан	логикалық ойлауға үйрету. Нұрперзент, Сымбат		
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моторикаңы дамыту) тақырыбына жеке әңгімелер өткізу				
Серуен	**Өткінші жаңбырды бақылау.** **Мақсаты:** Өткінші жаңбыр туралы түсінік беру. Жаңбырдың пайдасы , жаңбыр жауғанына қарап егістікті, бау бақшаны , саяжайдағы көкөніс, жеміс –жидек бәрін қолдан жауындатып суарудың пайдасын ашып түсіндіру. **«Кім бірінші» қимылды ойыны** **Мақсаты:** ойын ережесіне сай жарысу арқылы, жеңімпаз болуға асығу қабілеттерін арттыру	**Көркем сөз:** Жел тынымсыз гуілдеп, Болып кетті тым бұзық Шуылдайды тал терек, Жапырағын жұлғызып. **Мақсаты:** Тақпақ үйрету арқылы балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, тілдегі дауыс ырғағының мәнерлігін сезінуге үйрету.	**«Сақина»** **Мақсаты:** алақан арасына сақинаны жасыру арқылы шыдамдылыққа үйрету, тапқырлыққа баулу	**Қоршаған ортамен танысу** «Еңбекпен ел көгерер, Жаңбырмен жер көгерер». **Мақсаты:** Мақал үйрету арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру. **Қимылдық ойын**: «Допты қуып жет». Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа , ептілікке тәрбиелеу.	**Жұмбақ:** Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт) **Мақсаты:** Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау. Ойлау қабілетін арттыру.
Серуеннен оралу	Балалардың киімін ретімен шешу, дербес және ойын әрекеті.				
